



БҰЙРЫҚ
2025 жыл 02 қыркүйек

Нұра кенті

ПРИКАЗ
№ 251/1
Поселок Нура

«Ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы»

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілген азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысының білім басқармасының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 687 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұра ауданы жалпы орта білім беру ұйымдарына:

1) 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір берілсін.

2. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие ісі орынбасары Г.С. Ибрайбековаға, мектеп медбикесі Ж.Е.Раймагамбетоваға, әлеуметтік педагог А.Ж.Шеруоваға жүктелсін.

Негіздеме: Нұра ауданының білім бөлімінің 2025 жылғы 29 тамыздағы №402 бұйрығы



Мектеп директоры:

Т.Н.Юнгенштейн

Орындаушы: Зекен Ж.А
Тел: 22-5-11